Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 6 қараша 2026 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ «Мартыши-Атырау» мұнай құбырының жаңа учаскелерін іске қосты

«ҚазТрансОйл» АҚ «Мартыши – Атырау» магистральдық мұнай құбырының 11,2-11,4 және 20,5-20,7 шақырымдарында қайта салынған учаскелерін республикалық маңызы бар А-27 «Ақтөбе -Атырау -РФ шекарасы (Астрахань)» автомобиль жолының қайта жаңғыртылып жатқан бөлігімен қиылысу аумағында қосу жұмыстарын аяқтады.

Қайта жаңғыртылып жатқан автомобиль жолы – Қазақстан Республикасының стратегиялық инфрақұрылымдық жобаларының бірі. Жоба Қазақстан өңірлерін Ресей Федерациясымен байланыстыратын стратегиялық көлік дәлізін қалыптастыруға бағытталған. Автомобиль жолының Аққыстау ауылын айналып өтетін жаңа бағыты қолданыстағы мұнай құбырын кесіп өтетіндіктен, құбырдың тиісті учаскелерін техникалық тұрғыдан қайта салу қажеттілігі туындады. Бұл ретте өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау және мұнай құбырының алдағы уақытта сенімді әрі қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету басты назарға алынды.

Диаметрі 530 мм, ұзындығы тиісінше 238,86 метр және 287,2 метр жаңа құбыр учаскелері Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес салынды. Мұнай құбыры учаскесінің беріктігі мен ұзақ мерзімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында сыртқы коррозияға қарсы күшейтілген қорғаныш жабыны бар құбырлар қолданылды. Ал, автомобиль жолымен қиылысатын тұста құбыр сыртқы әсерлерден қосымша қорғауды қамтамасыз ететін болат қорғаныш қаптамасының (футлярдың) ішіне орналастырылды.

Жоспарлы 72 сағаттық тоқтату кезеңінде жүргізілген жұмыстарға Атырау, Құлсары, Ақтөбе және Қарағанды мұнай құбыры басқармаларының 200-ден астам қызметкері мен 67 бірлік арнайы техника жұмылдырылды. Өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мамандандырылған мердігер ұйымдардың тәулік бойы кезекшілігі ұйымдастырылды. Сонымен қатар, жұмыс жүргізу орындарында жедел медициналық көмек көрсету бригадасының кезекшілігі қамтамасыз етілді. Барлық жұмыстар жоспарланған мерзімнен бұрын аяқталып, «Мартыши – Атырау» магистральдық мұнай құбыры қайта іске қосылды.

Қайта салынған учаскелерді қолданыстағы мұнай құбырына қосу жол инфрақұрылымының даму қарқынын ескере отырып, одан әрі пайдалануға мүмкіндік береді және мұнай тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік пен сенімділікті қамтамасыз етеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ - магистральдық мұнай құбырлары бойынша ұлттық оператор. "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ-ның еншілес ұйымы болып табылады. Ұзындығы 5,2 мың шақырым магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісін иеленеді және ұзындығы 5 мың шақырымнан астам басқа ұйымдардың құбырларына операторлық қызметтер көрсетеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар басқармасы